



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республика
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына***2021 жылғы 3 наурыздағы
№ ДС-82 сауалға***Құрметті депутаттар!**

Сіздердің жұмыс істейтін жастар үшін жалға берілетін пәтерлер құрылысын қаржыландыруды 2025 жылға дейін ұзарту туралы депутаттық сауалдарыңыз бойынша келесіні хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және тұрғын үй сатып алудың қолжетімділігін арттыруға бағытталған бірқатар бағдарламалар іске асырылуда.

Жастар үшін «7-20-25», «Нұрлы жер» сияқты жеңілдетілген бағдарламалар, сондай-ақ, халықты нәтижелі жұмыспен қамту және «Дипломмен – ауылға!» жобалары шеңберінде тұрғын үй мәселелерін шешуге бағытталған түрлі қаржы құралдары қарастырылған.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп, Алматы қаласы әкімдігінің тәжірибесі негізінде жас отбасыларға жеңілдікпен кредит беру жөніндегі өңірлік тұрғын үй бағдарламаларын әзірлеуде. Бұл бағдарламалар жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын болады.

Ағымдағы жылы Нұр-Сұлтан қаласында «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп, қалалық бюджет қаражаты есебінен жұмыс істейтін жастарға арналған «Елорда жастары» тұрғын үй бағдарламасын енгізу жоспарлануда.

Бұдан басқа, 2019 жылдан бастап Елбасының тапсырмасы бойынша Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін пәтерлерді тапсыру жүзеге асырылуда. 2019-2020 жылдары аталған қалаларда жұмыс істейтін жастарға 4 мың пәтер жалға берілді.

Қазіргі уақытта Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ағымдағы жылға 3 мың пәтер беру мәселесін пысықтауда.

Сондай-ақ, аталған бағдарламаға 2025 жылға дейін қаржыландыруды ұзарту бөлігінде өзгерістер енгізу жұмыстары жүргізілуде. 2021-2025 жылдары «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес жыл сайын республикалық маңызы бар қалаларда 3 мың жасты осындай тұрғын үймен

қамтамасыз ету жоспарлануда. 2025 жылға қарай жұмыс істейтін жастарға барлығы 15 мың пәтер берілетін болады.

Мүдделі мемлекеттік органдар тарапынан бұл бағытта тиісті жұмыстар жүргізілуде және олар Үкіметтің бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин